

№3 Мәртөк ЖОББМ 5 «А» класс жетекшісі Нуржаубаева Анораның 2023-2024 оқу жылының жылдық тәрбие жұмыстарының

Есебі

Сыныпта 20 оқушы бар. Оның 12-і қыз, 8-ұл бала. Әлеуметтік мәртебесі бойынша саралағанда, көп балалы отбасы балалары – 8 оқушы, тұрмысы төмен отбасы балалары- 3 бар. 2023-2024 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 3 құндылық бойынша кешенді жоспар бекітілді. Жоспарланған жұмыстар уақытында өткізілді. Атап айтсам:

I. Құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмірсүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

II. Ар-ұят тәрбиесі

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру

III. Ұлттық мүдде тәрбиесі

Мақсаты:Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

IV.Талап тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Сыныптағы барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында қыркүйек айында үйлерін аралап шықтым.Жалпы сынып оқушыларының интеллектуалдық деңгейі, сабаққа қызығушылық деңгейі орташа, тәртіп жағынан жақсы.

I және II жартыжылдық іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай сынып сағаттарын көрсеттім. Атап айтқанда: «1 қыркүйек – Білім күні.Мектеп мейрім мекені», «Ұстаз-ұлы тұлға», «Қарттарым асыл қазынам», «Отбасы – бақытты мекенім», «Қауіпсіздік шаралары дегеніміз не?», «Адамгершілік – асыл қасиет!», Ұлы дала перзентімін», «Тәуелсіз Қазақстан– 16 желтоқсан», және аналар мерекесіне байланысты «Ана – өмір шуағы» сынып сағаттарын өткіздім.

Сонымен қатар «Ерлікке тағзым» (9-мамыр «Жеңіс күніне» орай), «Адал ұрпақ – ел болашағы», «Адалдықты мұра еткен Ұлы Абай», «Білімім Отаныма». Осы тақырыптар бойынша тәрбие сағаттарына оқушылар да ат салысты: өлең жолдарын, ән сөздерін жаттап, мәнерлеп оқып, ән салды.



Тәрбие сағаттарына ғана қатысып қоймай, балалар барлық мектепшілік шараларға да қатысып, атсалысып отырды. Мысалы үшін: «Күзгі бал», «Тәуелсіздік күні» мерекелік концертіне, «Жаңажылдық шырша» мерекелеріне, «Күзгі жәрмеңке», «Студенттермен кездесу», түрлі «Газеттер байқаулары», салтанатты саптузеулер шараларына қатысып отырды.

Жеке оқушылармен оның ішінде талантты және дарынды балаларға күрделі тапсырмалар берілді. Ата-аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткіздім. Кейбір ата-аналармен оқушылардың білімі мен тәрбиесі төңірегінде жеке және топтық кездесулер өткіздім.




Сонымен қатар оқушылардың жолда жүру ережесі, жол белгілерінің түрлері жайында білімдерін толықтыру және жол қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға, орындауға, ой – өрісін дамытып, түсініктерін кеңейту мақсатында іс шаралар жүргіздім. Жол қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда кездесетін жаракаттар немесе түрлі жағдайлар туралы әңгіме-дебат құрдық.

Оқушыларды еңбекке баулу мақсатында апта сайын сынып бөлмесін тазалауға және күнделікті кезекшілік кестесі бойынша сыныптың еденін ылғалдандыруын қадағалап отырдым. Апта сайын оқушылардың күнделіктерінің жүргізілуін тексердім. Күнделікті сабаққа кешіккен, сабақ босатқан оқушылармен әңгіме жүргізіп отырдым. Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Ай сайын балалардың үйін аралап, тұрмыс жағдайларын тексердім. Оқу үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым.

Сондай-ақ мектепте баланың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде жүруге болмайтыны жайлы ата-аналармен жиналыс өткізілгеніне қармастан 5 а сынып оқушысы Құмақов Дулат есепте тұр. Құмақов Дулат және оның ата-анасымен “кәмелетке толмағандардың түнде жүруі туралы” түсіндірмелер жүргізілді.



Ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Онда оқушылардың тұрмыс-жағдайы, оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі, емтиханға дайындығы және т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Жиі сабақтан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Ата-аналармен жұмыс ватсап желісі және ұялы телефон арқылы үздіксіз жүріп отырды.



Қорыта келе, жыл бойы ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандыру және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулу жүзеге асырылды. Алдағы оқу жылында оқушыларды, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділікке баулу көзделіп отыр.

Сынып жетекші: Нуржаубаева А.Ж.